

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдардың тізбесін және олардың қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 311 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 ( алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдардың тізбесі;

2) Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдардың қызметін ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 12 наурыздағы  
N 311 қаулысымен  
бекітілген

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдардың тізбесі**

Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалану және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдарға мыналар жатады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау

және табиғат пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асыратын өзге де орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіруші Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы ретінде Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

2) жер ресурстарын пайдалану және қорғау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі;

3) орман және су ресурстарын, жануарлар және өсімдіктер әлемінің ресурстарын, суды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау, молайту, пайдалану саласындағы бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

4) жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;

5) автокөлік құралдарынан атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларын бақылау, браконьерлікке, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесуге, аң аулау мен балық аулау ережесін бұзуға қарсы күрес, экологиялық қылмыстарды тексеру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2004 жылғы 12 наурыздағы  
N 311 қаулысымен  
бекітілген

**Қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органның қызметін ұйымдастыру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және осы салада мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (бұдан әрі - арнайы уәкілетті органдар) қызметінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ереже қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды басқару және мемлекеттік бақылау, осы саладағы жалпы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының үйлестіруші рөлін нақтылау мәселелері жөніндегі арнайы уәкілетті органдардың қызметін ретке келтіруге бағытталған.

## **2. Арнайы уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл жасау және қызметін үйлестіру тәртібі**

3. Арнайы уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл жасау және қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың өкілеттіктері шегінде жүзеге асырылады.

4. Арнайы уәкілетті органдар өз құзыреті шегінде мынадай негізгі бағыттар бойынша өзара іс-қимыл жасайды:

1) табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтардың алдын алу және анықтау мақсатында табиғат пайдаланушылардың бірлескен іс-шараларды және кешенді тексерулерді жоспарлауы және жүргізуі;

2) қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды қорғауға, молайтуға және ұтымды пайдалануға бағытталған қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды молайту жөніндегі іс-шараларды орындауды ұйымдастыру;

3) табиғи ресурстардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрларын жүргізу, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесі қызметін қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама арқылы табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты барлық жобалардың өтуін ұйымдастыру;

5) шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлері кезіндегі өндірістік бақылау мен мониторингті жүргізуді бақылау;

6) төтенше экологиялық жағдайлардың себептерін тексеру және салдарын жою;

7) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молайту және пайдалану саласында ақпарат алмасу.

5. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері жөніндегі өзге де арнайы уәкілетті органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

6. Арнайы уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгіленген тәртіппен консультативтік-кеңесші комиссияларды (жұмыс топтарын) құруға бастамашылық жасай алады.

7. Арнайы уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру, сондай-ақ бірлескен алқа отырыстарын өткізу, табиғат пайдаланудың әр түрлі салалары бойынша бірлескен бұйрықтармен бекітілетін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жолымен жүзеге асырылады.

**3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыру кезінде арнайы уәкілетті органдардың қызметін ажырату тәртібі**

8. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде осы өкілеттіктер берілген және бір мезгілде мемлекеттік инспекторлар болып табылатын арнайы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау және жою, тәртіп бұзушыларды заңнамада белгіленген жауапкершілікке тарту жөнінде табиғат қорғау заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды.

9. Мемлекеттік бақылау арнайы уәкілетті органның ішкі жоспарына сәйкес тұрақты тексерулерді жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Жоспарлы тексерулерден басқа шағымдар, өтініштер және жасырын хабарларды қоспағанда, ресми арыздардың басқа да нысандары негіз болып табылатын жоспардан тыс және рейдтік тексерулер жүргізілуі мүмкін.

10. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мынадай мәселелер бойынша тексерулер жүргізеді:

1) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанға және меншік нысанына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауы және орындауы;

2) шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын белгіленген экологиялық нормативтер мен талаптарды, қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттарды сақтауы;

3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік кадастрларды және табиғи ресурстардың есебін жүргізудің дұрыстығы;

4) табиғи ресурстарды пайдалануға лицензияларда, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларында белгіленген экологиялық шарттарды сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалануға арналған шарттарды (келісім-шарттарды) және рұқсаттарды орындауы;

5) жер және су ресурстарын, сондай-ақ жануарлар және өсімдіктер әлемінің ресурстарын пайдалану жөніндегі экологиялық талаптарды орындауы;

6) қоршаған ортаны қорғау және оңалту, табиғи ресурстарды қорғау, молайту және ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарлар мен іс-шараларды орындауы.

11. Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдары өз құзыретті шегінде мынадай мәселелер бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады:

1) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау заңнамасын сақтауы және орындауы;

2) табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды молайту, сондай-ақ олардың зиянды әсерінің алдын алу жөніндегі іс-шаралардың орындалу тәртібін сақтауы;

3) мемлекеттік кадастрларды және табиғи ресурстардың есебін жүргізудің д ұ р ы с т ы ғ ы ;

4) табиғат пайдалануға белгіленген лимиттер мен квоталарды сақтау;

5) табиғат пайдалануды мемлекеттік реттеуді және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;

6) табиғи ресурстарды қорғау, молайту, пайдалану жөніндегі негізгі талаптарды және табиғи ресурстарды пайдалануға белгіленген тыйым салулар мен шектеулерді, ережелер мен нормаларды орындау;

7) табиғат пайдалануға рұқсаттарда, лицензияларда және шарттарда ( келісім-шарттарда) белгіленген ережелерді сақтау.

12. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде мынадай мәселелер бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге а с ы р а д ы :

1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі объектілерді салуды және қайта жаңартуды қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы бар кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салуға және қайта жаңартуға тыйым салу туралы қорытынды жасау, экологиялық талаптарды бұзу жағдайында сот тәртібімен шаруашылық және өзге де қызметті тоқтата тұру және тиісті шараларды қабылдау.